

2. Грек жаңғағы тұнбасы немесе қайнатпасы 1-2 айлық бұзаулардың қан сарысуы құрамындағы жалпы белоктың және белок фракцияларының деңгейін арттырады: альбуминдердің деңгейі ауру бұзауларда 19,1%-ға дейін; гамма-глобулиндердің мөлшері – 22,4%-ға жоғарылағаны анықталды.

Тұжырым

Емдік мақсатта қолданылатын грек жаңғағының тұнбасын, тұнбашасын және қайнатпасын төлдердің диспепсиясы кезінде қолдану қандағы белок және белок фракцияларына және өсіп-өну функциясына тиімді әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Молдагулов М.А., Ермаханов А.М., Есходжаев У.К., Кулдеев А.И., Камбарбеков А.Т.- «Ветеринарлық клиникалық диагностика», Алматы, 2004 ж.
2. Молагулов М.А., Ермаханов А.М., Есходжаев У.К., Камбарбеков А.Т. «Жануарлар ауруларының клиникалық диагностикасы» Алматы, 2007 ж.

Кенесхан Ж., Қазиев Ж.І., Мурсалимова М.

ВЛИЯНИЕ НАСТОЯ ГРЕЦКОГО ОРЕХА НА ИЗМЕНЕНИЕ ОБЩЕГО БЕЛКА И БЕЛКОВЫХ ФРАКЦИИ ПРИ БОЛЕЗНЯХ ПИЩЕВАРИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ

Аннотация

В статье приведены результаты влияния настойки, настоя и отвара грецкого ореха на изменении белка и белковых фракции крови.

Ключевые слова: диспепсия, отвар, настой, настойка, антибиотик, белок, глобулин, фосфор, альбумин, процесс.

Keneskhan J., Mursalimova M., Kaziev ZH.I.

INFLUENCE INFUSION OF WALNUT PROTEIN AND PROTEIN FRACTION AT DISEASES OF DIGESTIVE SYSTEM

Annotation

The results of the effect of tinctures, infusions and decoctions of walnuts on protein and protein fractions of blood.

Keywords: dyspepsia, decoction, infusion, tincture, an antibiotic, protein, globulin, phosphorus, albumin, process.

ӘОЖ 619:615.35:616.07

Мурсалимова М., Кенесхан Ж., Джанабекова Г.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ІРІ ҚАРА ГИПОДЕРМАТОЗЫН ЗАМАНАУИ ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕРМЕН ЖӘНЕ АДЫРАСПАН ТҰНБАСЫМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ ЕМДЕУ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақала ветеринария саласына, соның ішінде, ірі қара гиподерматозын емдеу шараларына, қолданылған препараттың жануарлардың тері ауруларын оның ішінде гиподерматозын емдеу және тотығу-тотықсыздану процессін қалыптандыруға арналған.

Кілт сөздер: гиподерматоз, гармала, гармалин, иммунитет, иммуноглобулин, альбумин, имаго, паразитемия, катализатор, лимфоциттер, лимфаденит, лимфоцитоз, апное.

Кіріспе

Қазіргі уақытта барлық табиғи аймақтарда адам мен жануарлардың трансмиссивтік ауруларының табиғи ошақтығын зерттеу (туляремия, сібір жарасы, энцефалиттер, гемоспоририоз аурулары, описторхоз, дифиллоботриоз т.б.) өзекті мәселе. Адамға өте қауіпті инфекциялық және инвазиялық ауруларды жою өте күрделі мәселе. Ол үшін ауру қоздырушыларын тасымалдаушылардың түр құрамын, экологиялық және биологиялық ерекшеліктерін, паразит-ие арақатынасын, олардың таралуы мен ландшафтық қалыптасу заңдылығын жете білу қажет. Көптеген аурулардың ауыл шаруашылығы малдары арасында таралуы мал өнімділігін төмендетуімен қатар, шаруашылықтарға айтарлықтай шығын келтіреді [1, 2, 3].

Мал шаруашылығы еліміздегі ет, сүт және басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің негізгі бір саласы. Мал шаруашылығын дұрыс жүргізуде мал дәрігерлігі қызметі мен ғылымның атқарар ролі зор. Сапалы өнім дені сау малдан ғана алынатыны бәрімізге белгілі. Елімізде жыл сайын жүздеген мың тонна ет, сүт, жүн, миллиондаған дана жұмыртқа мен жоғары сортты мал терілері өндіріліп, оларды алдағы уақытта де еселеп арттыра түсу көзделінеді [4, 5, 6].

Алайда ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын өркендетуде әлі де болса қиыншылықтар кездеседі. Осы мақсатта мал ауруларына қарсы күрестің тиімді жоспарын қарастыру, дәрігерлік шараларды белгіленген мерзімде атқарып, жауапкершілігін арттыру қажет.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Әдебиетке шолу бөлімінде айтылған ғылыми деректерге арқа сүйей отырып, өсімдіктерден алынған препараттардың гиподерматозға қарсы емдік әсерін ауыл шаруашылығы малдары арасында тексеріп зерттеді.

Зерттеулер жұмысы Алматы облысы Райымбек ауданы «Шөладыр» шаруа қожалығында, аудандық ветеринариялық зертханасында және клиникалық ветеринариялық медицина кафедрасының ғылыми лабораториясында 2014-2016 жылдары аралығында жүргізілді.

Зерттеуге жасына және жынысына қарай ірі қара малының Алатау тұқымдары алынды. Шаруашылықтағы оқыраның індеттанулық жағдайын анықтау үшін соңғы 5 жыл ішіндегі ветеринариялық құжаттарды жинап оған талдау жасалды.

Жануарлардың аурудан айығуын, емнің тиімділігін, клиникада қолданылып жүрген әдістермен анықтадық. Қанның кейбір морфологиялық көрсеткіштерін де арнайы қолданылатын әдістермен анықтадық.

Қан сарысуындағы белоктың фракцияларды анықтау үшін Смитиустың әдісі бойынша (В.Н. Красов пен Л.Б. Кацованың модификациясы бойынша, 1972) крахмал геліндегі электрофорезді қолдандық.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Жұмысты орындау барысында ең бірінші Алматы облысы, Райымбек ауданы шаруашылықтарында гиподерматоздың таралу деңгейін анықтап, қолданылатын дәрі-дәрмектердің емдік-алдын алу тиімділігін салыстырмалы анықтадық.

Алдымен бұл аурудың даму жолдарын жетік тексерудің маңызы зор екені белгілі болғандықтан, аурудың ұзақтығын анықтау барысында 7-10 айға созылатыны ақыланды.

Күзгі I сатыдағы балаң құрттарды жою жұмыстарын жүргізу үшін 2-3 жасар мүйізді ірі қара малдары іріктеп алып, әр қайсысынан 10 бастан, екі топ құрылды. Бірінші және екінші топ малдары негізін оқыраның (бөгелектің) ұшу мерзімі тоқтағаннан кейінгі

қыркүйек айындағы балаңқұрттармен зақымданудың І-сатысындағы малдар құрады. Бірінші топ малдарын Жане шприці мен кәдімгі желім бөтелке қолдану арқылы 100-300 мл мөлшерінде адыраспан тұнбасынмен омыртқа бойын жудық. Жуу мерзімі араға 30 күн салып 2 рет қайталадық. Ал, екінші топ малдарына 2мл/кг мөлшерінде, тері астына, 1 рет 1,0 %-ды ивомек қолдандық. Жұмыс нәтижесін 20-22 наурыз кезінде арқа терісін көзбен көру және сипау әдістері арқылы тексердік.

Нәтижесінде, бірінші топ малдарынан бөгелектің 4 балаңқұртымен зақымданған екі жануар белгілі болса, екінші топ малдары арасынан балаңқұртымен зақымданған бір жануарда кездесті. Нәтижелері 1-2 кестелерде көрсетілген.

1-кесте – Күзгі балаңқұрттардың І-сатысындағы екінші тәжірибелік топ (адыраспан тұнбасын қолдану)

Тексеру күндері	Малдың түрі	Жасы	Малдың №	Бір малдағы балаңқұрт саны
10.04.13 ж.	МІҚ	2 жас	1	4
10.04.13 ж.	МІҚ	2 жас	2	4
10.04.13 ж.	МІҚ	2 жас	3	6
10.04.13 ж.	МІҚ	3 жас	4	5
10.04.13 ж.	МІҚ	3 жас	5	4
10.04.13 ж.	МІҚ	2 жас	6	5
10.04.13 ж.	МІҚ	3 жас	7	3
10.04.13 ж.	МІҚ	3 жас	8	5
10.04.13 ж.	МІҚ	2 жас	9	4
10.04.13 ж.	МІҚ	2 жас	10	7
Емдеуге дейінгі көрсеткіш				47
Емдегеннен кейінгі көрсеткіш				1

Ескерту: МІҚ – мүйізді ірі қара

1-ші кестеде көрсетілгендей, тәжірибеге дейінгі балаңқұрт саны 47 болса, тәжірибеден кейін, яғни адыраспан тұнбасын қолданғаннан кейін саны 1-еу болды. Балаңқұрттардың жойылуы пайыздық көрсеткіші 99,0 %.

2-кесте – Күзгі балаңқұрттардың І-сатысындағы бірінші тәжірибелік топ (заманауи дәрі-дәрмек, ивомекті қолдану)

Тексеру күндері	Малдың түрі	Жасы	Малдың №	Бір малдағы балаңқұрт саны
10.04.13 ж.	МІҚ	2 жас	1	3
10.04.13 ж.	МІҚ	2 жас	2	4
10.04.13 ж.	МІҚ	2 жас	3	6
10.04.13 ж.	МІҚ	3 жас	4	5
10.04.13 ж.	МІҚ	3 жас	5	4
10.04.13 ж.	МІҚ	2 жас	6	3
10.04.13 ж.	МІҚ	3 жас	7	3
10.04.13 ж.	МІҚ	3 жас	8	5
10.04.13 ж.	МІҚ	2 жас	9	4
10.04.143ж.	МІҚ	2 жас	10	6
Емдеуге дейінгі көрсеткіш				43
Емдегеннен кейінгі көрсеткіш				4

2-ші кестеде көрсетілгендей, тәжірибеге дейінгі балаңқұрт саны 43 болса, тәжірибеден кейін, яғни ивомекті қолданғаннан кейін саны 4-еу. Балаңқұрттардың жойылуы пайыздық көрсеткіші 96,0 %.

Сонымен қатар, көктем кезінде балаңқұрттармен зақымданудың II-III сатысындағы малдарды емдеу жұмыстары жүргізілді. Бұл іс-шара кезінде де гиподерматоздың клиникалық белгілері айқын білінетін (омыртқа бойы терісі тесілген, ішінен жалқаяқ ағып тұрған) 2-3 жасар мүйізді ірі қара малдары іріктеп алынып, әр қайсысында 10 бастан, екі топ құрылды. Зақымданудың I-сатысындағы малдардағыдай бірінші топ малдарына Жане шпицін немесе кәдімгі желім бөтелке қолдану арқылы 100-300 мл мөлшерінде адыраспан тұнбасымен омыртқа бойын жудық. Жуу мерзімі 1 рет. Ал, екінші топ малдарына 2мл/кг мөлшерінде, тері астына, 1 рет 1 %-ды ивомек қолдандық. Жұмыс нәтижесін 10 күннен кейін өңделген малдардың арқа терісін көзбен көру кезінде өлген немесе тірі қалған балаңқұрттарды санау арқылы анықтадық.

Нәтижесінде, бірінші топ малдарында өңделгенге дейін бөгелектің 52 балаңқұрты табылған болса, өңделгеннен кейін балаңқұрттардың барлығы дерлік жойылғанын байқадық, личинкалардың жойылуы 99,0 %.

Ал, екінші топ малдары арасында ивомек препараты егілгенге дейін бөгелектің 39 личинкасы табылса, егілгеннен кейін 35 балаңқұрт өліп, 4 балаңқұрттың тірі қалғанын байқадық, личинкалардың жойылуы 96,0 %.

Қорытындылай келе, гиподерматозға қарсы заманауи дәрі-дәрмектерге қарағанда адыраспан тұнбасы емдік шаралар мақсатында жақсы көрсеткіш көрсетуіне байланысты қолданыуды ұсынамыз. Себебі, ивермек және адыраспан тұнбасымен емдегендегі салыстырмалы тиімділігін зерттей келе, тері асты бөгелегінің I-сатысында (ранняя химиотерапия) ивомектің емдік әсері өте жоғары екендігі белгілі болды. Дәріні 1 мл мөлшерде малдың 50 кг тірілей салмағына тері астына егу арқылы қолданғанда 99,0 %-тік тиімділік көрсетті. Егер ивермек болмаған жағдайда адыраспан тұнбасын малдың жотасына шоқтықтан құйымшаққа дейін құю әдісін қолдануға болатындығы тәжірибе барысында расталды.

Әдебиеттер

1. Багиров Г.К. Испытание препаратов против подкожного овода крупного рогатого скота в условиях Азербайджанской СССР. Москва, 1983, С. 35-39.
2. Визнер З. Болезни крупного рогатого скота. Москва, 1970, С. 41-42.
3. Дегтярев М.В., Ненюков Д.В. Овод домашних животных и борьба с ними. Москва, Колос, М-Л, 1981, С. 13-16.
4. Досжанов Т.Н. Особенности биологии подкожных оводов крупного рогатого скота в условиях Казахстана – Труды Казахского НИВИ, 1957.
5. Есімбеков Ж.М., Ысқақов М.М., Дүйсенбаев С.Т. Жануарлардың инвазиялық ауруларын анықтау практикумы. Алматы, 2000 ж.
6. Сабанишев М.С., Сүлейменов Т.Т. т.б. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары. Алматы, 2003 ж.

Мурсалимова М., Кенесхан Ж., Джанабекова Г.К.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ СРАВНИТЕЛЬНОГО ЛЕЧЕНИЯ ГИПОДЕРМАТОЗА
СОВРЕМЕННЫМИ ЛЕКАРСТВЕННЫМИ ПРЕПАРАТАМИ
И НАСТОЙКОЙ ГАРМАЛЫ

Аннотация

Статья относится к области ветеринарной медицины, в частности, лечению гиподерматоза, кожных болезней и восстановления окислительно-восстановительной реакции коров.

Ключевые слова: гиподерматоз, гармала, гармалин, иммунитет, иммуноглобулин, альбумин, имаго, паразитемия, катализатор, лимфоциттер, лимфаденит, лимфоцитоз, апное.

Mursalimova M., Keneskhon J., Dzhanabekova G.K.

COMPREHENSIVE TREATMENT HYPODERMOSIS MODERN DRUGS
AND INFUSION HARMALA

Annotation

The article relates to the field of veterinary medicine, in particular, hypodermosis treatment, leather disease and repairing the redox reaction of the cows.

Keywords: hypodermosis, garman, harmaline, immunity, immunoglobulins, albumin, adults, parasitaemia, catalyst limfotsitter, lymphadenitis, lymphocytosis, apnea.

UDC 636.082:636.2

Nurmukhanbet E.O., Nurgazy K.Sh.

Kazakh national agricultural university, Almaty city, the Republic of Kazakhstan

ETHOLOGICAL FEATURES AND REPRODUCTIVE QUALITIES OF THE KAZAKH
WHITE-HEADED BREED IN THE CONDITIONS OF EAST KAZAKHSTAN

Annotation

Results of researches of ethological features and reproductive qualities of the Kazakh white-headed breed in the conditions of east Kazakhstan are given in the article. Polled bull-calves surpass horned peers in live weight at the 8th monthly age by 11kg (5, 7%), 15 months by 13.9 kg (3, 8%). Horned bull-calves move for 1,2% more of the spent time, 54,4% lie, that is 3,4% less, than polled ones (57,8%). Rumination and sleep were longer at the polled for 1, 9 and 1,2%. At intensive cultivation of heifers it is expedient to match at the age of 14-16 months on reaching live weight of 340-360 kg or for two months earlier.

Keywords: hummel, cattle, Kazakh white-headed, breed.

Introduction

In modern conditions of specialization and concentration of livestock production the agricultural ethology is faced by big tasks. Without knowledge of behavior of animals it is impossible to look after them properly and to increase production of livestock products, to raise labor productivity [1].